

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 ақпандағы № 158 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 173 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабының 7-тармағына және "2012 – 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 ақпандағы № 158 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 20, 252-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 3 0 қ а ң т а р д а ғ ы
№ 1 7 3 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары**

1-бөлім. Миссиясы мен пайымдауы

Миссиясы

Азық-түлік қауіпсіздігін және өнім экспортының өсуін қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіп кешенін құру, сондай-ақ, агроөнеркәсіп кешенінде, су, орман, аңшылық және балық шаруашылықтарында мемлекеттің саясатын тиімді қалыптастыру және іске асыру арқылы елдің табиғат ресурстарын сақтау және дамыту.

Пайымдауы

Министрлік Стратегиялық жоспарды іске асыру нәтижесінде мынадай көрсеткіштерге қол жеткізетін болады:

- 1) АӨК-нің жалпы қосылған құнын 2014 жылы 2008 жылмен салыстырғанда кемінде 16 %-ға ұлғайту;
- 2) агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін арттыру;
- 3) агроөнеркәсіп кешенінің өнімін сатудан түскен экспортты табысын 2014 жылы 2008 жылмен салыстырғанда 20 %-ға арттыру
- 4) ішкі азық-түлік нарығын 75 % деңгейінде отандық тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету.

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды және тиісті салалар (аялар) қызметінің даму үрдістерін талдау

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту

Қазіргі уақытта республиканың агроөнеркәсіп кешеніндегі (бұдан әрі – АӨК) жағдай өндіріс тиімділігінің өсуімен, ауылдағы қаржы қызметі нарығының дамуымен, ауыл халқының тұрмыс сапасының жақсаруымен сипатталады.

2010 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 1 442,6 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 11,7 %-ға төмен. Елдің ЖІӨ көлеміндегі ауыл шаруашылығы өндірісінің үлесі 4,4 %-ды құрады.

2010 жылы ауылдық жерлердегі жұмыссыздық деңгейі 5,2 % деңгейінде қ а л ы п т а с т ы .

Жыл сайын ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар ұлғаюда. Егер 2002 жылы инвестициялар салу 15,9 млрд. теңгені құраса, ал 2010 жылы – 83,6 млрд. теңгені құрады немесе 5,2 есе артық болды.

Өсімдік шаруашылығы саласында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экспортқа бағдарланған бәсекеге қабілетті өнімдердің өндірісін ұлғайту үшін құрылымдық және технологиялық әртараптандыруды, басымды ауыл шаруашылығы дақылдарының (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы дақылдары) егістік алаңдарын кеңейтуді жүзеге асыру бойынша жұмыстар жалғасуда.

Сонымен, жалпы республика бойынша 2010 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алаңдары 21,4 млн. гектарды, дәнді және дәнді-бұршақ дақылдары – 16,6 млн. гектарды (2009 жылдың деңгейінен 582,0 мың гектарға кем) құрады, оның ішінде, бидай – 14,3 млн. гектар алаңға егілген, бұл, өткен жылдың деңгейінен 483,1 мың гектарға кем, астыққа арналған жүгері – тиісінше 97,4 мың гектарға егілген және 4,2 мың гектарға кем. Күріш 94,1 мың гектарға егілген, 2009 жылмен салыстырғанда 7,5 мың гектарға артық.

Майлы дақылдар 1749,5 мың гектар алаңға (2009 жылдың деңгейінен 564,1 мың гектарға артық), күнбағыс – тиісінше 870,1 мың гектар (147,9 мың гектар), қытай бұршақ – 61,8 мың гектар (8,8 мың гектар), рапс – 352,9 мың гектар (157,8 мың гектар), мақсары – 201,7 мың гектар (49,8 мың гектар) алаңға егілді.

Көкөніс және бақша дақылдарының егістік алаңы 183,8 мың гектарды (2009 жылдың деңгейінен 18,3 мың гектарға артық), картоп – тиісінше 179,8 мың гектарды, (7,6 мың гектар), жеміс-жидек дақылдары – 41,2 мың гектарды (4,0 мың гектар), жүзім – 12,8 мың гектар (0,8 мың гектар) құрады.

2010 жылдың құрғақ ауа райы жағдайы ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің өсуі мен дамуына, дәнді және басқа да дақылдардың өнімділік көрсеткіштеріне қолайсыз әсерін тигізді.

Сонымен бірге, ылғал қорын сақтау технологияларын қолданудың, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді айналым қаражатымен, жанар-жағар май материалдарымен және басқа тауарлы-материалдық ресурстарымен қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралардың арқасында құрғақшылықтың әсерін жеңілдетуге және осы жыл үшін салыстырмалы түрде жаман емес егін өсіруге мүмкіндік туды. 2010 жылы ылғал қорын сақтау технологияларын қолдана отырып 11,2 млн. гектар алаңға (дәнді дақылдардың егістік алаңдарының 67,5 %-на) дәнді дақылдар өсірілді, бұл 2009 жылдың деңгейінен 932,3 мың гектарға немесе 9,0 %-ға артық.

Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің деректері бойынша дәнді дақылдар 15,2 млн. гектар алаңнан жиналды, 8,0 ц/га өнімділік кезінде өңдеуден кейінгі салмақта 12,2 млн. тонна астық жиналды. Астықтың көрсетілген көлемі өткен жылдар өнімдерінің қалдықтарын есептегенде елдің ішкі қажеттілігін қамтамасыз етуге және экспорттық әлеуетті 6,0 млн.тоннаға дейін жеткізуге жеткілікті.

Басқа дақылдар өндірісінің қол жеткізілген көлемі ішкі нарықтың қажеттілігін толығымен қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Сонымен, майлы дақылдарының жалпы жиналымы 775,5 мың тоннаны, көкөніс және бақша дақылдарының жалпы жиналымы – 3,7 млн. тоннаны, қант қызылшасының жалпы жиналымы – 152,0 мың тоннаны, картоптың жалпы жиналымы – 2,6 млн. тоннаны, жүзімнің жалпы жиналымы – 56,4 мың тоннаны құрады.

Бұл ретте майлы тұқымдар өндірісі 2009 жылдың деңгейінен 71,9 мың тоннаға (10,2 %), көкөніс-бақша дақылдары – 385,5 мың тоннаға (11,6%), жүзім – 0,7 мың тоннаға (1,3%) артық.

Сонымен бірге, картоптың жалпы жиналымы 201,0 мың тоннаға (7,9%), қант қызылшасының жалпы жиналымы – 29,3 мың тонна (19,2%), жеміс-жидек дақылдарының жалпы жиналымы – 12,8 мың тоннаға (7,7%) кеміді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері бойынша 2010 жылы астық эквивалентіндегі ұнды есептегенде шамамен 8,7 млн. тонна астық экспортқа жөнелтілді, оның ішінде астық түрінде – 5,5 млн.тонна, ұн

түрінде – шамамен 2,3 млн.тонна жөнелтілді. Бұл ретте, ұнды есептегендегі астық экспортының көлемі 2009 жылдың тиісті кезеңінің деңгейінен 2,0 млн.тоннаға немесе 1,3 есеге артық.

2010 жылы тұқым шаруашылығын қолдау бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджеттен 2 087,5 млн. теңге бөлінді, бұл 7,5 мың тонна бірегей тұқым өндірісін субсидиялауға, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер сатып алған 81,1 мың тонна көлеміндегі элиталық тұқымның және 2 223 мың дана жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерінің құнын ішінара арзандатуға, сондай-ақ 13,6 гектар алаңда жеміс-жидек дақылдарының, жүзімнің көпжылдық екпелерінің аналықтарын отырғызуға жұмсалған шығындарды толық өтеуге және 25,55 гектар алаңда отырғызылған аналықтардың аяқталмаған өндірісіне қызмет көрсетуге мүмкіндік берді.

2010 жылы облыстардың ауыл шаруашылығы басқармаларының деректері бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер 152,4 мың тонна арзандатылған минералды тыңайтқыштар сатып алды, шамамен 176 мың тоннаға жуық минералды тыңайтқыштар енгізілді. Алайда, енгізілген минералды тыңайтқыштардың осы көлемі қажеттіліктің тек 7 %-ын жабады.

Екіншілікті тиімді жүргізу, топырақ құнарлылығын сақтау және молайту үшін тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) қолдануды одан әрі ынталандыру қажет.

Республика аумағында фитосанитариялық жағдайға тұрақты бақылау жүзеге асырылады және жыл сайын шамамен 3 млн. га алаңда аса қауіпті зиянды және карантиндік организмдерге қарсы күрес бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

2010 жылдың болжамына сәйкес 5 626,8 мың гектар алаңда аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуы күтілген болатын, оның ішінде шегіртке тектес зиянкестер – 1 880,7 мың гектар, дәннің сұр көбелегі – 918,5 мың гектар, зиянды тасбақашық – 151,0 мың гектар, астық қоңызы – 38,0 мың гектар, гессен шыбыны – 74,5 мың гектар, мақта көбелегі – 90,7 мың гектар, сарышұнақ пен тышқан тектес кеміргіштер – 12,7 мың гектар, колорад қоңызы – 17,2 мың гектар, дәнді дақылдарының септориозы мен тат кеселі – 2 374,7 мың гектар алаңда күтілген болатын.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының көрсетілген аса қауіпті зиянды организмдеріне қарсы күрес жүргізу үшін республикалық бюджеттен 2 934,1 млн. теңге бөлінді және көрсетілген қаражат есебінен пестицидтер сатып алынды және оларды сақтау, тасымалдау мен қолдану жөніндегі жұмыс ұйымдастырылды.

Қазіргі уақытта саяқ шегірткеге қарсы күрес мәселесі өзекті болып табылады, олар жаппай таралуы кезінде үйірлі шегіртке келтіретін зияннан кем емес зиян келтіреді.

2010 жылы "Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамның әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекеменің деректері бойынша саяқ шегірткенің

таралуы 895,5 мың гектар алаңда болжанған. Өңдеулер 549,3 мың гектар алаңда жүргізілді, оның ішінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен 475,4 мың гектар алаңда, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер есебінен – 74,0 мың гектар алаңда жүргізілді.

Саяқ шегірткеге қарсы жүргізілген химиялық өңдеулер нәтижесінде ауыл шаруашылығы егістіктерінің бүлінуі анықталған жоқ.

2010 жылы 148,701 мың гектар алаңда карантиндік объектілерге қарсы химиялық өңдеулер жүргізу жоспарлаған болатын. Осы мақсаттарға республикалық бюджеттен 1 043 505,0 мың теңге бөлінді. Алайда, өңірлердегі табиғи-климаттық жағдайлар тек 146,8 мың гектар алаңында өңдеулер жүргізуге мүмкіндік берді.

Мал шаруашылығы республикада экономиканың аграрлық секторының негізгі салаларының бірі болып табылады.

Мал шаруашылығында малдардың барлық түрлері санының жыл сайынғы тұрақты өсімі орташа есеппен 4 %-ды құрайды.

2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда ірі қара мал саны 1,3 %-ға өсті және 6175,4 мың басты құрады; тиісінше: қой және ешкі – 3,6 %-ға өсті және 17988,1 мың басты құрады; шошқа – 1,3%-ға өсті және 1344,0 мың басты құрады; жылқы – 6,2 %-ға өсті және 1528,3 мың басты құрады; түйе – 9,1 %-ға өсті және 169,6 мың басты құрады; құс – 0,3 %-ға өсті және 32780,3 басты құрады.

2010 жылы жалпы мал басынан ірі қара мал санының үлес салмағы үй шаруашылықтарында 80,7 %-ды, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында – 5,1 %-ды, шаруа-фермерлік қожалықтарында - 14,2 %-ды құрады; қой мен саны бойынша тиісінше - 68,3 %; 4,9 %; 26,8 %; жылқы - 66,5%; 5,9% және 27,6%; шошқа - 75,3%; 17,6% және 7,1%, түйе - 65,6%; 8,9% және 25,5%, құс – 43,8%, 55,3% және 0,9%.

Аталған саланы қолдау бойынша қабылданған шаралар нәтижесінде мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлерінің өндірісі ұлғаяды.

2010 жылы сойылған салмақтағы ет өндірісі 937,4 мың тоннаны құрады және 2009 жылмен салыстырғанда 4,6 %-ға артты, тиісінше сүт - 5381,2 мың тоннаны құрады немесе 1,5 %-ға артты, жұмыртқа - 3720,4 млн. дананы құрады немесе 12,5 %-ға артты, жүн - 37,6 мың тоннаны құрады немесе 3,3 %-ға артты.

Республиканың ауыл шаруашылығы құрылымдарында мал мен құстың барлық түрлерін союға өткізу сойылған салмақта 18,2 %-ға артты және 218,5 мың тоннаны құрады, тиісінше сүт – 3,9 %-ға немесе 563,4 мың тоннаға артты және жұмыртқа – 21,6 %-ға немесе 2372,34 млн. данаға артты.

Бұл ретте мал мен құстың өнімділігі артуда. 2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 1 сиырға келетін сүттің орташа сауылымы ауыл шаруашылығы құрылымдарында 258 кг-ға артты және 3375 кг-ны құрады, 1 жұмыртқалағыш тауыққа келетін жұмыртқаның орташа шығысы 10 данаға артты және 278 дананы құрады.

Мал шаруашылығы саласындағы оң жетістіктерге мал шаруашылығындағы жүргізілген селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстар анық әсерін тигізеді.

Мал шаруашылығындағы тұқымдық база тұқымдық шаруашылықтар санының тұрақты өсуімен сипатталады, жыл сайын олардың саны 40-50 бірлікке өсуде. Алайда, жалпы мал басындағы асыл тұқымды малдардың үлесі төмен деңгейде қалып отыр.

Ветеринария саласында тұрақты негізде республикадағы эпизоотиялық қолайлылықты және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Ветеринария саласындағы заңнамаға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы ветеринария жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қолда бар ветеринариялық зертханаларды халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру мақсатында виварийлері бар 11 облыстық, 115 аудандық бір типті модульдік ветеринариялық зертхана және микроорганизмдер штаммдарына арналған 1 биоқойма салу жоспарланып отыр.

2010 жылы жіті жұқпалы аурулардың 204 ошағы тіркеліп, онда тиісті ветеринариялық-карантиндік іс-шаралар жүргізілді. Олардың ішінде 175 ошақ жойылды, ал, жыл соңында тіркелген 29 ошақ 2011 жылға ауысты.

440 865 басы мөлшеріндегі (аусылға қарсы – 425 852 бас, топалаңға қарсы – 15 013 бас) ауыл шаруашылығы жануарларына вакцинация іс-шаралары жүргізілді.

2010 жылы ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі қызметтерді ұсыну бойынша жаңа бағдарламаны жүзеге асыру басталды.

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындар 2010 жылы өнеркәсіптік өндірістің республикалық көлемінің 7 %-ын және өңдеуші өнеркәсіптің 22 %-ын өндірді.

Бұл ретте тамақ өнімдері өндірісінің көлемі, сусындарды қоса алғанда, 2010 жылы 845 млрд. теңгеге жетті.

Саланың орташа жылдық өсу қарқыны соңғы бес жылдың ішінде 105,4 %-ды құрады. 2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда ұн өндірісі 3,9 %-ға, ет және ет-өсімдік консервілері - 61 %-ға, өсімдік майлары - 8,5 %-ға, маргарин – 5,7 %-ға, шырындар - 61 %-ға, шұжық өнімдері - 4,5 %-ға, ірімшік және сүзбе – 13,1 %-ға, қышқыл сүт өнімдері – 25 %-ға, өңделген сүт – 28,7 %-ға, жармалар – 5 %-ға, күріш – 24 %-ға, макарон – 10,6 %-ға, кондитерлік өнімдер – 6,4 %-ға өсті.

Есепті кезеңде 2009 жылмен салыстырғанда республикада қант өндірісінің көлемі 5,8 %-ға, сары май – 14 %-ға, сүт және қоюландырылған кілегей – 3,2 %-ға, құрғақ сүт – 17,6 %-ға, көкөніс консервілері – 32,1 %-ға, жеміс консервілері – 28,5 %-ға және томат консервілері – 4,63 %-ға төмендеді.

Жетілдіру және халықаралық талаптармен үйлестіру мақсатында тамақ қауіпсіздігі саласында ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу өнімдерінің негізгі түрлерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар бойынша 7 техникалық регламент әзірленді және бекітілді.

Шығарылатын өнімдердің сапасын жақсарту және кәсіпорындарды халықаралық стандарттарға көшіру бойынша жұмыстар жалғасуда, қазіргі уақытта, ИСО және ХАССП халықаралық стандарттарына негізделген сапа менеджмент жүйесін саланың 360 кәсіпорны енгізді, 84 кәсіпорын өндірісін сапа менеджменті жүйесін енгізуге әзірлеу және дайындау сатысында.

Аграрлық ғылымның әлеуетін одан әрі жүйелі түрде дамыту үшін АӨК-ні дамытуды тиімді бәсекеге қабілетті ғылыми және инновациялық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру мақсатында 2007 жылы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 25 ғылыми ұйымын біріктіру жолымен жарғылық капиталына мемлекет 100 % қатысатын "ҚазАгроИнновация" акционерлік қоғамы құрылды.

Ауыл шаруашылығы дақылдардың 51 жаңа сорттары мен гибридтері жасалды және Мемлекеттік сорттық сынақтарға берілді, оның ішінде, дәнді және дәнді-бұршақ дақылдарының – 23, жарма және майлы дақылдарының – 3, картоп пен көкөніс-бақша дақылдарының – 12, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің – 7, мақтаның – 2, азықтық дақылдардың – 4 сорты берілді. Пайдалануға 54 сорт жіберілді.

2010 жылы өсірудің табиғи-климаттық аймақтары ұқсас 28 елден әкелінген, шетелдік селекцияның сорттары мен гибридтерін кең ауқымды экологиялық сынау басталды.

Сынақтан өткізілген 365 сот пен гибридтің 148-і бағалы шаруашылық белгілерін анықтау бойынша бөлініп алынды, олардың ішінде 107-сі бекітілген стандарттан жоғары өнімділігі бойынша анықталды.

Ауыл шаруашылығы жануарларының 10 типі мен желісін сынақтан өткізуге өтінім беруге арналған құжаттар дайындалды, оның ішінде, ірі қара малдың 3 желісі, жылқының 4 желісі мен 2 типі және түйенің 1 желісі (мұғалжар тұқымындағы Мейман желісінің жылқылары, 3 желісі бар жабе типіндегі жаңа сілеті тұқымы, ірі қара малдың етті бағыттағы желісі, Атырау облысының батыс популяциясы түйелерінің зауыттық желісі және басқалар).

15 жаңа технология жасалды және жетілдірілді, оның ішінде, егіншілікте – 5; мал шаруашылығында – 5; су және балық шаруашылықтарында - 1 технологиядан, қайта өңдеуде және ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауда – 3 технология.

3 вакциналы препарат және өзіне тән емес төзімділікті жоғарлатуға арналған 2 препарат және 2 паразиттерге қарсы препарат әзірленді.

Қорғау құжаттары алынды: 11 өнертабысқа берілетін патент; 54 селекциялық жетістіктерге берілетін патент, 95 инновациялық патент.

"Дипломмен ауылға" жобасы шеңберінде әлеуметтік сала мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету жалғасуда. Әкімдіктердің деректері бойынша 2010 жылы ауылды жерлерге әлеуметтік саласының 7305 маманы барды және жұмысқа орналасты, олардың 6476-ы әлеуметтік қолдауды алу үшін аудан (облыс маңызы бар қала)

әкімдіктері жанындағы тұрақты комиссияларға жүгінді. 2010 жылға 4000 маманға көтерме жәрдемақы төлеу үшін 502 463 мың теңге жоспарланды. Сонымен бірге, "2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 қазандағы № 2162 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1053 қаулысымен қосымша 148 313 мың теңге бөлінді, осылайша, 2010 жылы 5499 маманға барлығы 650 776 мың теңге б ө л і н д і .

2010 жылдан бастап әлеуметтік саласының мамандарына тұрғын үй сатып алу үшін айлық есептік көрсеткіштің 630 еселік көлемінен аспайтын сомада, сыйақы ставкасы кредит сомасының жылдық 0,01 %-ы көлемінде, 15 жыл мерзімге бюджеттік кредит б е р і л д і .

2010 жылы Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуы аяқталды. Ауылдық аумақтарды дамытудың өзекті мәселелерін әрі қарай шешу Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған "Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғыртудың 2020 жылға дейінгі және 2011 – 2020 жылдарға арналған "Ақ бұлақ" салалық бағдарламаларына, сондай-ақ, облыстар аумақтарын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған бағдарламаларына енгізілді.

Негізі проблемаларды талдау

Елдің АӨК-сінде негізгі жалпы жүйелі проблемалар мыналар болып табылады:

- 1) агротехнологиялардың артта қалуы, өндірістің негізгі құралдарының физикалық және моральдық тозуы;
- 2) суармалы судың нормативтен тыс шығындары;
- 3) ауыл шаруашылығы өндірісінің ұсақ тауарлығы;
- 4) табынның жалпы көлеміндегі асыл тұқымды малдың төмен үлесі;
- 5) әлсіз азық базасы, толық рационды құрама жемдердің жетіспеушілігі және оның салдарынан мал мен құстың төмен өнімділігі;
- 6) өндірістік өңдеуге сапалы шикізаттың жетіспеушілігі және азық-түлік тауарларының ішкі нарығында терең қайта өңделген отандық өнімдер үлесінің төмендігі;
- 7) елдің ішкі сұранысын қанағаттандырмайтын маңызды азық-түлік өнімдерінің бар болуы ;

- 8) экономиканың аграрлық секторына инвестиция тартудың төмен деңгейі;
- 9) ауылдық кооперацияның жеткіліксіз дамуы.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау

Аграрлық саланың дамуына әсерін тигізетін негізгі ішкі және сыртқы факторларға:

- 1) жаңа агротехнологияларды енгізу;
- 2) сыртқы нарықтарға шығу мүмкіндігі;
- 3) біліктілігі жоғары мамандармен қамтамасыз етілгендігі;
- 4) сыртқы нарықтардағы ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген өсіп келе жатқан сұраныстың, халықтың және оның әл-ауқат деңгейінің өсуінің арқасында саланы дамыту перспективасы;
- 5) қаржылық тәуекел (әлемдік қаржы дағдарысы; республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат көлемінің қысқаруы және т.б.);
- 6) бағалық тәуекел (ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген әлемдік және республикаішілік бағалардың өзгеруі);
- 7) Кеден одағы елдері тарапынан импорттың ұлғаюы;
- 8) елдің азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп-қатер;
- 9) табиғи сипаттағы тәуекел (құрғақшылық, қатқак, үсік, жылудың жетіспеушілігі, артық ылғалдану, бұршақ, нөсер жаңбыр, боран, дауыл, су тасқыны, сел, жаһандық жылыну, өсімдіктер мен жануарлардың жаппай ауыруы);
- 10) өсімдіктер мен жануарлардың жаппай ауруы жатады.

Балық шаруашылығын дамыту

Қолданыстағы заңнамамен қамтылмаған балық шаруашылығын дамыту ерекшеліктерін құқықтық реттеу, балық ресурстарын қорғау, өсімін молайту және тиімді пайдалану мәселелерінің құқықтық механизмін жетілдіру, сондай-ақ, балық шаруашылығын дамыту үшін құқықтық негіздеме жасау мақсатында 2010 жылы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балық шаруашылығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңы қабылданды.

Заңмен "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы", "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" заңдарға, Экологиялық, Су, Салық, Әкімшілік және Қылмыстық кодекстеріне балықтардың бекіре түрлерін және олардың уылдырығын өндіруге, сатып алуға және қайта өңдеуге мемлекеттік монополияны енгізуді, балық аулауды дамытуды және оны мемлекеттік қолдауды, сондай-ақ, балық шаруашылығындағы браконьерлік пен заң бұзушылыққа жауапкершілікті қатаңдатуды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2010 жылы республикада жұмыс істейтін республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар болып табылатын, 3 балық питомнигі, 1 уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы, 1 бекіре балығын өсіру шаруашылығы және Қазақ өндірістік-жерсіндіру станциясы 156,4 млн. дана бағалы балық түрлерінің шабағын (балықтардың бекіре, тұқы, дөңмандай, ақ амур, ақсақа балық түрлері) өсірді және табиғи су айдындарына жіберілді.

2010 жылы балық аулау 51,7 мың тоннаны құрады. Балық ресурстарын пайдаланудан мемлекеттік бюджетке 512,7 млн. теңге сомасында төлем түсті.

Балық ресурстарын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар 9949 балық қорғау заңнамаларын бұзу фактісін анықтады және жолын кесті, 54,0 млн. теңге сомасында айыппұл салынды. Құқық бұзушылардан жалпы көлемі 63,8 тонна балық, оның ішінде 3,4 тонна бекіре тұқымдас балық тәркіленді.

Балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерін пайдаланушыларға ұзақ мерзімге бекітіп беру бойынша іс-шараларды іске асыру жалғасуда, бұл балық шаруашылығын дамытуға олардың қаражаттары мен инвестицияларын тарту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді.

Өткен кезеңде 1082 балық шаруашылығы ұйымына 10 жылға дейінгі мерзімге 2022 халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар су айдындары мен учаскелері бекітіліп берілді.

Орман және аңшылық шаруашылықтарын дамыту

2008 – 2010 жылдарға арналған "Жасыл ел" бағдарламасын іске асыру мақсатында 2010 жылы облыс әкімдіктерінің орман қорғау мекемелері мен Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің табиғат қорғау мекемелері 51,1 мың гектар (2009 жылы – 48,3 мың гектар) алаңда ағаш отырғызу жұмыстарын жүргізді.

Астана қаласының жасыл аймағын құру бойынша жұмыстар жалғасуда. 2010 жылдың көктемінде 5 мың гектар алаңға ағаш отырғызылды. 1997 жылдан бастап барлығы 50 мың гектар екпе ағаштары отырғызылды.

2010 жылдың өрт қауіпті маусымының басынан бастап жалпы республиканың мемлекеттік орман қорының аумағында 644 орман өрті тіркелді, олардың көлемі 11 700 гектарды құрады, оның ішінде, орманды жерлер 6 583 гектар. Республика бойынша орман өрттерінен келген шығын 331851 мың теңгені құрады.

2010 жылғы орман өрттерін талдау 2009 жылмен салыстырғанда олардың алаңдары 2,6 есе ұлғайғанын көрсетті, бірақ соңғы 5 жылдағы орташа көрсеткішпен салыстырғанда орман өрттерінің алаңы 4 есеге қысқарған.

Орман қорына қауіп төндіретін дала өрттерін уақытында анықтауға және жоюға авиациялық патрулдеу жүргізумен қол жеткізілді.

2010 жылы патрульдеу 5800 сағат көлемінде 5639 мың гектар алаңда жүзеге

асырылды. Бұл ретте әуеден орман қорғау қызметтері 287 орман өртін анықтады және жойды, бұл қорғалатын аумақтың жалпы санының 79 %-ын құрайды.

Соңғы жылдары орман шаруашылығының нормативтік құқықтық базасын жетілдіру бойынша қабылданған шаралар, саланы бюджеттік қаржыландыруды ұлғайту нәтижесінде заңсыз ағаш кесу көлемін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік туды.

2010 жылдың ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 қазандағы № 914 қаулысымен бекітілген Су ресурстарын, жануарлар дүниесін сақтау және оңтайлы пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың желісін дамыту жөніндегі 2010 жылға дейінгі бағдарламаға сәйкес сирек кездесетін және жойылуға жақын жабайы тұяқты жануарлар мен киіктердің санын сақтау және қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізілді. Аңшылық шаруашылықтарының қорықшылар құрамы мен орман және аңшылық шаруашылығы облыстық аумақтық басқармаларының инспекторлары жануарлардың ауланатын түрлерін қорғауды жүзеге асырды.

ҚР БҒМ Зоология институтының мамандары жүргізген есепке алу материалдарының камералды алдын ала зерттеулерінің нәтижелері бойынша киіктердің жалпы саны – 85,5 мың даракты (2009 жылмен салыстырғанда 4,5 мың даракқа немесе 5,5 %-ға артық), оның ішінде: бетпақ далалық киіктер – 53,4 мың даракты, үстірттік киіктер – 4,9 мың және оралдық киіктер – 27,2 мың даракты құрайды.

Биологиялық әр түрлілікті сақтаудың тиімді шарасы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру болып табылады.

2010 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 370 қаулысымен Алматы облысында 356 мың гектар алаңында Жоңғар-Алатау МҰТП құрылды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 маусымдағы № 501 қаулысымен Борабай МҰТП аумағы 46,4 мың гектарға және 2010 жылғы 5 қазандағы № 1025 қаулысымен Алакөл қорығының аумағы 45,5 мың гектарға ұлғайтылды.

Су ресурстарын дамыту

2002 – 2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2002 – 2009 жылдар кезеңінде ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге барлық көздерден 205,4 млрд. теңге бөлініп, игерілді. Осы қаражатқа 12935 шақырым ауыз сумен жабдықтау жүйелері салынды, қайта жаңартылды және күрделі жөндеуден өткізілді, тұрғындарының саны 4,6 млн. адамнан асатын 3449 елді мекеннің сумен қамтамасыз етілуі жақсартылды.

Қызылорда облысында Октябрь топтық су құбырын, Оңтүстік Қазақстан облысында Арыс және Сарыағаш топтық су құбырларын және Батыс Қазақстан облысында Орда топтық су құбырын салу және қайта жаңарту аяқталды.

Ақтөбе облысы Алға және Ембі қалаларының, Алматы облысы Жаркент, Шығыс Қазақстан облысы Аягөз, Қарағанды облысы Қаражал және Приозерск, Қызылорда

облысы Қазалы және Оңтүстік Қазақстан облысы Жетісай қалаларының сумен жабдықтау жүйелерін салу және қайта жаңарту аяқталды.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінген қаражат (3,57 млрд. теңге) есебінен Ақмола облысындағы Көкшетау топтық су құбырының 252 шақырымынан 30 шақырым аса апатты учаскесіне қайта жаңарту жүргізілді, бұл Шортанды көлінен және Шортанды-Бурабай курорттық аймағының көл жүйесінен су жинап алуды тоқтатуға және су деңгейін тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Жерлердің мелиоративтік жай-күйін сақтау және жақсарту мақсатында суармалы жерлерге мемлекеттік мониторинг жүргізілуде. 2010 жылы мыналар: ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру мен су ресурстарын басқару жобаларының объектілеріндегі суармалы жерлерде агро-мелиоративтік зерттеулер және жалпы алаңы 1625,6 мың гектар жерлерді қалпына келтіру; жер асты суларының деңгейлік-тұздық режиміне стационарлы гидрогеологиялық бақылаулар - 48872 өлшеу; коллекторлық-кәріздік сулардың ағысына гидрогеологиялық бақылаулар - 3018 өлшеу; 788 байқау ұңғымаларына ағымдағы жөндеулер; 28,5 мың гектар алаңда топырақтық-тұздық түсірілімдер; 15600 шартты бірлік зертханалық талдаулар орындалды, мемлекеттік басқару органдары, сондай-ақ суару жүйелеріндегі пайдалану қызметтері мен жер пайдаланушылар үшін агро-мелиоративтік, су шаруашылығы іс-шараларын жоспарлауға арналған ұсынымдар әзірленді.

2010 жылы республикалық бюджет қаражатынан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу қызметтерінің құнын субсидиялау 8 101,721 млн. м³ көлемдегі суаруға пайдаланылатын суды жеткізу құнын арзандатуды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау 2010 жылы төмендетілген тариф бойынша саны 1 981,8 мың адам болатын халықты ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Негізгі проблемаларды талдау

Орман, балық және су шаруашылықтарының қазіргі уақыттағы ең маңызды проблемаларына мыналарды жатқызуға болады:

тауарлы балық өсірудің әлсіз дамуы. Осы бағытты қарқындату қажеттілігі табиғи су айдындарындағы балық шикізаты запастарының шектеулілігімен және су айдындарының суалуын болдырмау мақсатында оларда кәсіпшілік балық аулауды шектеу бойынша шаралар қабылдаудың қажеттілігімен түсіндіріледі;

Қазақстан бойынша орта есеппен 70,8 % ауыл тұрғыны орталықтандырылған су құбырларының суымен, 28,3 %-ы орталықсыздандырылған су көздерінің суымен қамтамасыз етіледі, ал халықтың қалған бөлігі (0,9 %) тасып әкелінетін суды және

ашық су айдындарының суын пайдаланады; су бөлу жүйелерінің құрылыстары мен желілерінің көпшілігі 20-30 жылдан астам уақыт бұрын пайдалануға берілген немесе күрделі жөндеуден өткен; жалпы республика бойынша желілердің үштен екі бөлігі күрделі жөндеуді немесе оларды толық алмастыруды қажет етеді; тазартылмаған ағындардың тікелей сүзу алаңдарына түсуі байқалады; тек 41 қалада ғана толық технологиялық циклымен кәріздік тазалау имараттары бар, олардың ішінде, 10 қаладағы имараттың тозуы 70 % - д ы к ұ р а й д ы ;

бүгінгі таңда, суармалы жерлерге қызмет көрсететін ішкі шаруашылық гидромелиоративтік желілердің 90 %-ға дейінгі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің немесе олардың бірлестіктерінің – су пайдаланушылардың ауылдық тұтынушылар кооперативтерінің жеке меншігінде; үлкен шығындылықтың, нашар материалдық базаның салдарынан ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер жыл сайынғы мелиоративтік іс-шараларды (ішкі шаруашылық суару және коллекторлы-дренажды желілерді тазарту, суару алаңдарын қопсыту және жоспарлау, тұзданған жерлерді шаю) өз күштерімен жүргізе алмайды; суару суына деген өсіп келе жатқан тапшылық, суармалы жерлердің экологиялық жағдайының нашарлауы жағдайында су үнемдегіш технологияларды әзірлеу мен енгізу ө з е к т і б о л ы п о т ы р ;

дала өрттері орман өрттерінің пайда болуына үлкен әсерін тигізеді. Олар да жануарлар дүниесін жай-күйіне және жалпы биологиялық әртүрлілікке жойып жіберу әсерін тигізеді, ауыл шаруашылығына айтарлықтай шығын келтіреді.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау

Орман, балық және су шаруашылықтарын дамытуға әсерін тигізетін негізгі сыртқы және і ш к і ф а к т о р л а р ғ а :

1) табиғи сипаттағы тәуекелдер (жаһандық жылыну, республикада және шектес мемлекеттерде өсімдіктер мен жануарлардың жаппай ауруы, құрғақшылық, гидрологиялық (судың аз болуы) режим, оттегі режимі, су тасқыны, сел, республикада және шектес мемлекеттерде су жануарларының жаппай ауруы, экожүйелерге бөтенекті түрлердің ену әсері және т.б.);

2) негізгі мелиоративтік қорлардың айтарлықтай тозуы және қанағаттанарлықсыз т е х н о л о г и я л ы қ ж а й - к ү й і ;

3) суару технологиясының және қазіргі заманғы су үнемдегіш технологияларды қ о л д а н у д ы ң т ө м е н д е ң г е й і ;

4) жерлердің мелиоративтік жай-күйінің нашарлауы;

5) жабайы жануарлардың шектес мемлекеттерге жылыстауының ықтимал ш ы ғ ы н д а р ы ;

б) трансшекаралық су ағындарының режимі бойынша қысқа мерзімде келісімсөздерге қол жеткізбеу, сондай-ақ бұрын қол жеткізілгендердің орындалмауы жатады.

3-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелердің көрсеткіштері

1-стратегиялық бағыт. Агроөнеркәсіп кешен салаларын тұрақты дамыту.

1-мақсат. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті елдің агроөнеркәсіп кешенін дамыту және өнімдер экспортын ұлғайту

Осы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың кодтары 001, 003, 004, 005, 007, 009, 011, 013, 016, 018, 021, 023, 039, 042, 043, 047, 048, 050, 051, 052, 053, 055, 056, 057, 061, 062, 074, 078, 081, 082, 083, 086, 088, 090, 094, 095, 112, 200, 201, 202, 203, 204, 205.

Нысаналы индикаторлар (қол жеткізудің соңғы мерзімін (кезеңін) көрсете отырып)	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті		Ағымдағы 2011 жылдың жоспары	Жоспарлы кезең			
			2009 жыл	2010 жыл		2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлем индексі	статдеректер	өткен жылға %	114,6	88,3	120	87,7	104,4	104,6	104,9
2. Агроөнеркәсіп кешенінің жалпы қосылған құны	статдеректер	өткен жылға %	113,2	88,4	120,1	87,8	104,4	105	104,9
3. Агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігі	статдеректер	А Қ Ш доллары	3 000	2800	3 800	4 200	5 000	6 000	6 500
4. Ішкі азық-түлік нарығын отандық тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету деңгейі	статдеректер	%	67,8	73,6	73	73	73	75	75
5. Агроөнеркәсіп кешенінің өнімін сатудан экспорттық табысының өсімі	есептік деректер	%	54,2	121,3	66,2	105	110	112,6	115
6. Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингіндегі "Аграрлық саясаттың ауыртпалығы" көрсеткіші бойынша Қазақстан	Дүниежүзілік экономикалық форумның есебі	рейтингтегі орны	78	49	49	49	49		49

мыналармен қамтамасыз етілу деңгейі:	есептік жолмен	%	59,4	98	100	100	100		100	
тұқым майы			5,3	13	14	15	16	17	17	
қант қызылшасы			95	95	100	100	100	100	100	
картоп			95	95	100	100	100	100	100	
көкөніс			18	19,8	31	37	47	58	67	
оның ішінде, ерте пісетін			50	50	78	82	87	91	95	
жеміс, жидек және жүзім										
6. Ауыл шаруашылығы дақылдары егістік алаңдарының құрылымындағы азықтық дақылдардың үлес салмағы	есептік деректер	%	11,7	11,8	12,4	14	16	18	20	
7. Дәнді дақылдардың өнімділігі	есептік деректер	ц/гектар	12,6	8	16,2	10,5	10,6	10,8	11	
8. Сатып алынатын ауыл шаруашылығы техникаларының саны, оның ішінде:	есептік деректер	%	1150	1630	974	500	600	700	800	
- астық комбайндары			334	92	82	50	60	70	80	
- себу кешендері										
9. Ауыл шаруашылық өнімін сатудан түскен экспорттық табыстың өсімі	есептік деректер	%	42,4	136,1	50,3	118,4	119,1	119	117,2	
10. Сақтандырумен қамтылған егістік алаңдарының үлесі	есептік деректер	%	83	69	70	71	72	72	72	
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
						2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6					
1. Өсімдік шаруашылығы өнімдері өндірісінің көлемін ұлғайту	x	x	x	x	x					
2. Сорт сынау және тұқым сапасын сараптау жүйелерін жетілдіруді қамтамасыз ету және егуге арналған кондициялық тұқымдардың үлесін ұлғайту	x	x	x	x	x					
3. Агроөнеркәсіп кешенді техникалық қайта жаратандыруды қамтамасыз ету	x	x	x	x	x					
4. Ауыл шаруашылығы дақылдарының егістерін сақтандыра отырып қорғауды қамтамасыз ету	x	x	x	x	x					
1.2-міндет. Мал шаруашылығы мен тауарлы балық өсіру өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыру										
			есепті		ағымдағы		жоспарлы кезең			
					2011					
Ақпарат көзі										

Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері		өлшем бірлігі	2009 жыл	2010 жыл	жылдың жоспары	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің өсімі	статдеректер	өткен жылға %	102,3	102,6	99,3	103,2	104,2	104,6	105
2. Өндіріс көлемі:									
сойылған салмақтағы ет			896,3	937,4	980	1025	1080	1140	
құс еті	есептік деректер	мың тонна	79,5	103	117	131	146	161	176
сүт			5303,9	5381,2	5490	5610	5750	5900	6050
жүн			36,4	37,6	39,1	40,7	42,7	45	47,3
жұмыртқа			млн.дана	3306,4	3720,4	4030	4320	4580	4830
3. Барлық санаттағы шаруашылықтардағы 1 сиырға келетін сүт сауылымы	есептік деректер	кг	2233	2255	2277	2300	2325	2350	2380
4. Ауыл шаруашылығы құрылымдарындағы 1 сиырға келетін сүт сауылымы	есептік деректер	кг	3117	3375	3450	3595	3714	3835	4000
5. Өндірістің жалпы көлеміндегі ауыл шаруашылығы құрылымдары өндірген малдан алынатын өнімдердің үлестік салмағы:									
ет	есептік деректер	%	20,6	23,3	25,8	28,6	31,5	34,6	37,7
сүт			10,2	10,5	10,8	11,1	11,5	11,9	12,4
жұмыртқа			58,9	63,8	66,5	69,2	71,2	72,5	73,8
жүн			31	32,2	33,2	34,6	36,5	38,7	41
6. Ішкі нарық қажеттілігінің мыналармен қамтамасыз етілу деңгейі:			116,8	120,5	124,2	128	132,8	138,1	143,3

ет	есептік жолмен	%								
құс еті			42,2	44,8	46	52,2	58,7	66,2	74,6	
сүт			127,6	127,7	128,4	129,3	130,6	132	132,2	
жұмыртқа			148,8	165,2	176,3	186,2	194,5	202,1	206,1	
7. Ауыл шаруашылығы жануарларының жалпы санындағы асыл тұқымды мал басының үлестік салмағы:	есептік деректер	%								
ІҚМ			5,6	6,1	6,8	7,7	10	12,8	15	
қой мен ешкі			12	12,2	12,9	13,6	15,3	17,3	19	
шошқа			12,1	13	13,8	14,9	16,8	19	21	
жылқы			5,5	6	6,5	7,2	8,1	9,3	10,2	
түйе			10,6	9,8	9,8	9,8	10	10	11	
6. Тауарлы балық өсіру өнімдерінің өндірісі, оның ішінде, субсидияланатын өнімдер	есептік деректер	тонна			700	1 000	1 430	2 050	2 500	
					272,6	727,4	727,4	727,4	727,4	
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
						2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1. Барлық санаттағы шаруашылықтардағы малдың және құстың санын ұлғайту						x	x	x	x	x
2. Мал шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемін ұлғайту						x	x	x	x	x
3. Балық өсіру материалдарын сатып алуға кететін шығындарды өтеу						x	x	x	x	x
4. Тауарлы балық өсіру (жасанды өсіру) мақсатында сатып алынатын азықтарды субсидиялау						x	x	x	x	x
1.3-міндет. Қайта өңдеу өндірістерді тұрақты дамыту және қолдау										
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері	Ақпарат көзі	өлшем бірлігі	есепті		ағымдағы 2011 жылдың жоспары	жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл		2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1. Тамақ өнімдері өндірісінің нақты көлем индексі	статдеректер	өткен жылға %	98,8	101,3	102	102,4	103	103,5	105	
2. Ет өнімдері өндірісінің өсуі (етке қайта есептегенде) (құс етінен басқа)	есептік жолмен	мың тонна	124,5	124,5	148,7	162	176	193	271	
сүт өнімдері (сүтке қайта есептегенде)			1254,5	1254,5	1460	1 679	1931	2 179	2 220	
өсімдік майлары			206,7	206,7	220	238	269,5	301	333	
қант			385,2	385,2	385,2	390	412	417	430	
3. Жалпы ішкі өнім құрылымындағы ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу үлесі	есептік жолмен	%	3,78	3,82	3,79	3,83	3,87	3,88	3,89	
4. Мыналарды өңдеу үлесі:										
ет			21,5	23	24	24	25	26	27	

сүт			27,4	31	31	34,4	36	38	40	
жемістер мен көкөністер			2,6	5	5,2	6,9	8,6	10,3	12	
5. Отандық өндіріс есебінен ішкі нарықтың қажеттілігін қанағаттандыру:										
ет өнімдері			73,4	73,4	70	70	70	71	71	
сүт өнімдері			58,8	61,6	63,4	65,7	67,5	69,5	73	
өсімдік майлары			66	71,8	52	55	55	55	57	
қант			87	80	63	65	65	66	67	
жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу өнімдері			34	33,6	33,9	35,1	36	37,6	38,7	
6. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңделген азық-түлік өнімін сатудан түскен экспорттық табыс өсімі	есептік деректер	%	72,4	108	84,2	95	102,4	106,4	112,6	
7. Қайта өңдеу саласында субсидиялардың 1 теңгесіне инвестициялар тарту	есептік деректер	теңге	16,5	16,4	11,1	14	14,7	14,7	14,7	
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
						2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2015 жыл
1					2	3	4	5	6	
1. Тамақ өнімдерін өндіру көлемін ұлғайту					x	x	x	x	x	
2. Өнімдердің негізгі түрлері бойынша өңірлік тұрақтандыру қорларын құру					x	x	x	x	x	
3. Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу салаларын дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру					x	x	x	x	x	
1.4-міндет. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің жоғары стандарттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету										
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері	Ақпарат көзі	өлшем бірлігі	есепті		ағымдағы 2011 жылдың жоспары	жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл		2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1. Қазақстан Республикасы аумағын жұғудың болжанған алаңынан қорғау және өсімдік карантині бойынша жүргізілген іс-шаралармен қамту	есептік деректер	%	51	57	79	59	56	49	49	
			100	99	93	100	88	88	88	
2. Халықаралық нормалар, стандарттар және ДСҰ ұсыныстары талаптарына сәйкес келетін салынған ветеринариялық зертханалардың жоспарланған мөлшердегі үлесі			7,1	11,1	25,4	74,6				

3. Сапа менеджмент жүйесінің халықаралық стандарттарын енгізген АӨК кәсіпорындарының жалпы кәсіпорындардың санындағы үлесі	есептік деректер	бірлік	17	17,9	18,5	20	21,5	23	25	
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
						2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1						2	3	4	5	6
1. Аса қауіпті зиянды организмдер, карантиндік организмдер, өсімдіктер аурулары мен арамшөптің дамуы мен таралуының болжамды аландарында химиялық күрес жүргізуді қамтамасыз ету						x	x	x	x	x
2. Бір типті модульді аудандық ветеринариялық зертханалардың салуды қамтамасыз ету						x	x			
3. Жануарлардың аса қауіпті ауруларының диагностикасы, олардың алдын алу, жою, референция мониторингі, зертханалық диагностика және штамдардың ұлттық коллекциясын енгізу, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бойынша жоспарланған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету						x	x	x	x	x
4. Сапа менеджменті жүйесінің халықаралық стандарттарын енгізген қайта өңдеу кәсіпорындарының санын ұлғайту						x	x	x	x	x
1.5-міндет. Бәсекеге қабілетті ғылыми әзірлемелерді жасау, енгізу және таратудың тиімді жүйесін құру есебінен агроөнеркәсіп кешенінің жедел ғылыми және технологиялық дамуын қамтамасыз ету										
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері	Ақпарат көзі	өлшем бірлігі	есепті		ағымдағы 2011 жылдың жоспары	жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл		2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1. «ҚазАгроИнновация» АҚ-ның ғылыми-зерттеу ұйымдарымен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізудегі жеке капиталдың қатысу үлесі	есептік деректер	%				1	1	1	1,5	
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
